



КАЗІРГІ
ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫ

**Серік
Ақсұңқарұлы**

*Өмір деген -
Қуыңді айналы*





**Серік
Ақсұңқарұлы**

*Өмір деген -
Қуыңді аймалу*

Өлеңдер мен хамса



Алматы
"Жазушы"
2005

ББК 84 Қаз 7-5
А 37

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша
шығарылды*

Ақсұңқарұлы С.

**А 37 Өмір деген — Күнді айналу. Өлеңдер мен
хамса.— Алматы: Жазушы, 2005.— 192 бет.**

ISBN 9965-764-00-X

Талантты ақын Серік Ақсұңқарұлы туындылары оқырман қауымға жақсы таныс. Оның бұл жаңа кітабына соңғы кездері жазған өлеңдері, аудармалары және “Анти-поэзия” атты эссесі енгізіліп отыр.

Жырсүйер қауым қарағандылық ақынның бұл кітабымен де қуана-қуана қауышарына күмәніміз жоқ.

А 4702250202-040
402(05)-05

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-764-00-X

© Ақсұңқарұлы С., 2005

© “Жазушы” баспасы, 2005

ӨМІР ДЕГЕН – КҮНДІ АЙНАЛУ

Дірілдерін,
Гүрілдерін
Құлақ түріп, тыңдай қалып –
Бүгін менің
Жұмыр Жерім
Бара жатыр Күнді айналып.

Күн дегенде –
Дүрбелеңде
Жүріп жатыр майдан әлі.
Күймелер де,
Мінбелер де,
Түрмелер де –
Жермен бірге айналады.

Керуен күнде –
Серуен бірге.
Тән Рухқа суарулы.
Елмен бірге, Жермен бірге
Мен де айналам Күн Аруды.

Күнді айналу –
Мұңды ойлану,
Көз жастағы көліңменен.
Өмір деген –
Күнді айналу!!!

Күлге айналу –
Өлім деген!

Алтынға аптап асығыңды,
Босап бір сәт мұңды ойлардан –
Қарсы ал Жаңа Ғасырыңды,
Алаш-Анам Күнді айналған,
Тектілері — гүлге айналған,
Тексіздері — күлге айналған...

I

БӨРІЛІ — ҰЛТТЫҚ БАЙРАҒЫМ

АЗАТТЫҚ

(П.Эльюардың өуенімен)

О, Азаттық!
Көгілдір көктің жиектерінде де,
Қорқыт-қобыздың тиектерінде де,
Қара жерде осы қабірі қалмаған
Мағжандардың сүйектерінде де
Жазулы Сенің жырларың.

Аэропорттар мен гавандарыма да,
Запыран құсқан замандарыма да,
Қыршындарымды қырып тастаған
Азалы анау алаңдарыңа да
Жазармын Сенің жырыңды!

Молалар мен мазарыңа да,
Қасіреттен туған ғазалыма да,
Қазақтың басын саудаға салған
Қаптаған қара базарыңа да
Жазармын Сенің жырыңды!

Оң қолыма да, сол қолыма да,
Асфальт һәм айдау жолдарыңа да,
Қытайдың ұлы қорғанына да,
Орыстың жасыл орманына да,
Нефедовтардың қалтасындағы,
Қапшығындағы долларына да
Жазармын Сенің жырыңды!

Жасындар жауған сөз өткеліне де,
Ғасырдың соңғы мезеттеріне де,
Алаштың басын арбаған апиын —
Транзит-секс газеттеріне де
Жазармын Сенің Жырыңды!

Шалқар жерімнің шалғайына да,
Толысып тұрған тал-қайыңға да,
Әкімдеріңнің креслосына да,
Ақындарыңның таңдайына да;
Жұлдыздарымның сәулесіне де,
Ұл-қыздарымның маңдайына да
Жазармын Сенің жырыңды!

Далама, таудың жартасына да,
Каспийге, Арал, Балқашыма да,
Дүрліккен мұхит толқындарымен
Дүниенің саяси картасына да
Жазармын Сенің жырыңды!

Ақ жүрегімді арыма қарып,
Жаһанды күллі жаныма алып,
Алдыма алып аппақ қағазды,
Қаламды қызыл қаныма малып,
Жазармын Сенің жырыңды!

* * *

Муза бізге көз жасын жетті бұлап.
Бастауы оның Гомердей текті бұлақ —
Одан бұрын бір ақын болған еді,
Оны адамзат ұмытып кетті бірақ.

Ол — ТҮРКІ еді.
Жасаған одан да әрмән.
Бекзат еді,
(Біз емес боданданған).
Ат үстінен шолатын адамзатты,
“Пегас” дейтін ұғым бар содан қалған.

Қаған еді,
Болмысы, бітімі — нұр.
Домбыра да — үкілі,
Үкілі — жыр.
“Алтын киімді адам” - ға таң қалмаймын,
Сол кісінің заңды тұқымы — бұл.

Шақырмайтын шабытын шатып елес —
Қаған болған қаһарлы —
Қатын емес!
Бұл түркінің түбінде бір заңы бар:
Батыр бола алмаса —
Ақын емес!
Ақын бола алмаса —
Батыр емес!!!

Ол да өлді!
Есе алып дүние — бок,
Пегас көкке кетті ұшып күйіне кеп:
Қағандық пен ақындық қаққа айрылып,
Кетті екеуі —
Екі ұдай дүние боп...

Кетті соның соңынан шұбап бәрі,
Тектілік те суалды, бұлақ тағы:
Қаған біткен жек көріп ақындарын,
Ақындар да Қағанын ұнатпады.

Ел қамында жүргенде, жол қамында,
Ақын-батыр егіз-ді ол қауымда.
... Әлі күнге Пегастың жан ұшырған
Дауысы тұр Қазтуған толғауында.

Муза бізге көз жасын жетті бұлап,
Бастауы оның Гомердей текті бұлақ.
Одан бұрын бір ақын болған...
Оны
Қалай мына ел ұмытып кетті бірақ?!

КАМАЛТИН ЕСКЕНДІРҰЛЫНА

Сарыарқада Хан нөкерін түзеді.
Ешкім де енді батыра алмас тізені!

Осы еді ғой Көк Бөрінің қорымы,
Кейін оны ит те, құс та торыды.
Қазағым-ай, қалай толар деуші едім
Хан Кененің үңірейген орыны?!

Өмірде бұл бақ та, сор да өтпелі.
Тәңіріне ұлып тұрған көктегі, —
Ит пен құс кеп тартып алған орынын,
Бұ дүниенің шерлісі ғой Көк Бөрі!

Алашымды алдамшы заман алдап бір,
Қара шекпен бір талады, қалмақ — бір.
Сайтан келіп саф алтынын тонаған
Сарыарқа емес — Қарлаг бұл!

Алла
Алтайдан түгендеуге құтымды,
Бір қыранның томағасын сыпырды.
Нефедовтің ат қорасы мұндағы —
“Авгейдің ат қорасы” сықылды!

Пенденің көп онысы мен мұнысы...
Ұл тумаса кеңейе ме ел тынысы?
Құл тумаса көншімейтін көңілі,
Ұрғашы екен бұл тобырдың — жынысы!

Алаш зәру уытты ұлға ұлы істе,
Алтынға аптап, күптейтін сол күміске.
Лаң салған Ықыластан қажыды ел,
Махамбет пен Исатай керек бұл іске!

Көк тәңірі Қарағандыға қарады,
Сарыарқа — Ару қара шашын тарады.
Азаттығы —
Алтын алқа мойнында,
Қазақ Тілі аспанға ұшып барады!

СЫЛАНДАҒАН АҚҚУЫМ

Шер ғой сенің гәккуиң,
Сылаңдаған Аққуым,
Тектілік те, тексіздік — бір Алладан,
Аққуым.

Түгел болса кенейің өксір ме едің сен осы?
Көлің қайда демейін,
Елің қайда демеші.

Қанатыңнан қайырылдың,
Мен де сөйтіп майырылдым.
Сен — көліңнен айырылдың,
Мен — елімнен айырылдым.

Көл дегенің тұзды шөл — адыр болды —
Күлкілі.
Ел дегенің шуылдақ тобыр болды
Бұл күні...

Құзғын деген қылқұртың бізді алмайды
қатарға.

“Екі жарты — бір бүтін” —
Екеуіміз ғой жаһанда.

Айдын қайда қонарға,
Тобыр бәрін жер етті.
Базар керек оларға, маған басқа керек-ті.

Гәккулейсің неге осы бір тереңнен шер
қозғап?

Қанаттыда – сен бекзат,

Аяқтыда – мен бекзат.

Жанарыңда жатыр мұң,

Жаһанымның жамалы,

Аққу менен ақынның айырмасы шамалы.

СӘБИТ МҰҚАНОВ — 100

Өткен шақ мұхиттайын тұңғыық құр,
Жалғанның жарығына сүңгиік бір.
Бүгін бір Күн де иіп тұр, гүл де иіп тұр.
Алаштың бір арысы жүзге келіп,
Жүзіме Тәңірі көктен нұр құйып тұр.

Бірде өмір өр ғып, бірде бақалшы ғып,
Жанына қазақ түгіл — жаһан сыйып —
Шырылдап басын тауға, тасқа да ұрды,
Сәкен мен Мағжанды қатар сүйіп!

Өткенге өстіп күнде бал ашам ба?
Ертеңнің қақ төрінен қарасам да —
Сәкен мен Мағжанды қатар сүйген
Ғажайып бір кие бар қара шалда!

Жатсынып жат дүние, жат елесті,
Егіліп екеуімен қатар өсті.
Өзегі күйіп жүріп, өртенді де,
Өмірді сүйіп жүріп,
Қателесті...

Көңілде — елес,
Көздің жасы кепті.
Ғаламат заман да өтті, ғашық өтті.
Ғасырдың соңы қалып, басы кетті.

Сәбем-ай қазағымдай
Қасіретті!
Сәбем-ай қазағымдай
Қасиетті!

Өткен шақ мұхиттайын тұңғиық құр,
Бүгін бір Күн де иіп тұр, гүл де иіп тұр.
Жалғанның жарығына сүңгіік бір.
Алаштың бір арысы жүзге келіп,
Жүзіме Тәңірі көктен нұр құйып тұр.

БАЛГЕР

Армысың, балгер, аман ба,
Көзімнің сығып жаңбырын,
Аумалы-төкпелі заманға
Тап болды менің тағдырым.

Балгерім, келші, кетпеші,
Болжап бер болмыс дауасын.
Анамның шерлі өкпесі
Жұта ма зәмзәм ауасын?

Тағдырым қандай тап бүгін,
Не деймін жап-жас төлдерге.
Қос қызым — егіз аққуым
Жүзе ме айна көлдерде?

Ту ұстап қолға алқызыл,
Айтаққа көніп, қақпайға —
Кіндігімнен туған жалғыз ұл
Сарбаз боп — жауға шаппай ма?!

Не айтасың маған, үйіме,
Қызыма түскен бұрымы?
...Құл жиған құрым дүние
Тоз-тоз боп барып құрыды...

Қамшының сабындай тірлікте,
Бытырап тарап аз халық,

Құл болып ғұмыр сүрдік те,
Құрып-ақ кете жаздадық

Көсем болмадық жер көріп,
Шешен болмадық сөзге еріп.
Жау іздеп таптық – жеңбедік.
Құдайыңа да сенбедік,
Құраныңа да сенбедік.

Түн қашып, түнде түс қашып,
Тап дауы – хақтың дауы деп,
Жан бауырымызды да ұстатып,
Өлтірдік “халық жауы!” деп.

Кешіретер – Тәңірі-жаратқан
Ғаламға сол ғой мәңгі ие;
Қажып бар қаратаяқтан
Өзіңе келдім, әулие?!

Армысың, балгер, аман ба,
Көзімнің сығып жаңбырын,
Аумалы-төкпелі заманға
Тап болды менің тағдырым...

ОМБЫДАҒЫ ОРЫС КЕЛІНШЕГІНІҢ ӨЛЕҢІ

Осыдан бір-екі жыл бұрын болған оқиға еді. Омбыдағы қазақ ауылына бір айтыс шәйірі келіп, қыз-қырқын, кемпір-шалға тиісіп, жағалай өлең шығарғанда ойдағы орыс елінен осы ауылға келін болып түскен Наталия Ивановна Семенова (өзі орыс әдебиетінің мұғалімі екен), домбыраны қағып-қағып жіберіп, былай дейді:

Аха-оу!
Ақынсүрей, домбырашы дуананы
Көрсен қазақ неге осы қуанады?
Частушканы маржа көп біздің елде,
Соның көбі осы елдің құдалары.

Қара мына домбырашы дуананы,
Келе сала қазағын қуалады.
Қосса осыны сондай бір құдашаға,
Жабар еді Омбыны құмалағы...

Елі — кедей, қонды — өзі, жуан әрі,
Қандай жын кеп арқасын дуалады?
Шығармайды төріне біздің орыс
Мұндай надан, топас бір дуананы...

Біздің шәйір домбырасын салып-салып жіберіп, қарымта қайтармақ болған екен. Келіннің сексендегі атасы:

— О, найсап! Исі қазақты жерге қараттың-ау! Иди к черту!— деп, үйден қуып шығыпты. Сөйтіп, айтыс болмай қалған. Ең өкініштісі осы. Айтыс жанрын зерттеп жүрген бір топ ғұламаларымыз сөз додасының озық бір нұсқасынан айырылып қалғандай, әлі күнге дейін қапа болып жүрген көрінеді.

* * *

Жау күйініп,
Дос сүйініп қарасын,
Ғажап бүгін:
Кез жер-көктің арасын.
Қазақ Тілін тастап көшкен жұртыңа,
Азаттығым,
Қайда ұшып барасың?!

Жігер болса жетенде һәм ділінде,
Енді ілесе қоймассың жат ілімге.
Азаттығым,
Көтеріліп аспанға,
Сен сөйлейсің қашан ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ?

Ауыл көшті алтын бекет қала деп,
Жүрегімде наза да көп, нала көп.
Азаттығым,
Аспанға ұшсаң, самғай ұш,
Қазақ тілін қоса өзіңмен ала кет!

Жау күйініп,
Дос сүйініп қарасын,
Ғажап бүгін:
Кез жер-көктің арасын.
...Қазақ Тілін тастап көшкен жұртыңа,
Азаттығым,
Қайда жөнep барасың?!

* * *

Қара түнек
Жарық барын ұмытты..
Қара тобыр
Халық барын ұмытты.

Жасын түсті.
Емен едім,
Өр едім —
Жанып барам.
Нәсер қайда — қорегім?!

Қара түнек
Жарық барын сезгенше,
Қара тобыр
Халық барын сезгенше,
Өзектегі өртің сөнбес,
Өлеңім.